

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»**  
**коммерциялық емес акционерлік қоғамы**  
 төмендегі бос қызмет орындарына орналасуға конкурс жариялайды:  
**(18.08.2022ж.-27.08.2022ж.)**

№	Вакансия атауы	кафедра	Штаттық бірлік	Ескерту
1	Аға оқытушы	Информатика және ақпараттық-коммуникациялар технологиялар	3,0	
2	Аға оқытушы	Дәстүрлі музыка өнері және хореография	1,0	«Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша; «Құрметті» атағы болуы
3	Аға оқытушы	Дәстүрлі музыка өнері және хореография	1,0	«Дәстүрлі музыка өнері» білім беру бағдарламасы бойынша; ғылым кандидаты дәрежесі болуы тиіс
4	Аға оқытушы	Сәндік қолданбалы және бейнелеу өнері	1,0	«Бейнелеу өнері және сызу» білім беру бағдарламасы бойынша
5	Аға оқытушы	Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық	4,0	«Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша, педагогика ғылымдарының кандидаты немесе PhD дәрежесі болуы немесе «ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы болуы

1	Функционалдық міндеттері	<p>Оқытылатын пән немесе оқу сабақтарының жекелеген түрлері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді. Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысының бір бағыты бойынша қатысады.</p> <p>Оқу жұмысының барлық түрлерін жүргізеді. Ассистенттер мен оқытушылар өткізетін оқу сабақтарының сапасын бақылауды жүзеге асырады. Оқылатын пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларын әзірлейді. Оқылатын пәнді немесе оқу сабақтары мен оқу жұмысының жекелеген түрлерін әдістемелік қамтамасыз етуді жинақтайды және әзірлейді.</p> <p>Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады. Оқылатын пән немесе оқу сабақтары мен оқу жұмысының жекелеген түрлері бойынша студенттердің өзіндік жұмысын басқарады.</p> <p>Ассистенттер мен оқытушыларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды меңгеруде әдістемелік көмек көрсетеді.</p> <p>Мамандық бойынша әдістемелік комиссия құрамында кафедраның ғылыми-әдістемелік жұмысына қатысады. Оқушыларды кәсіптік бағдарлауға қатысады. Кафедраның материалдық-техникалық базасын дамытуға және жетілдіруге қатысады.</p> <p>Ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық және құқықтық білімді насихаттауға қатысады.</p> <p>Студенттердің оқу сабақтарын өткізу, зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтарды орындау кезінде</p>
---	--------------------------	---

		<p>еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтауын бақылайды. Студенттердің тәрбие жұмысына белсенді қатысады.</p> <p>Кафедраның оқулықтарын, оқу және оқу-әдістемелік құралдарын, әзірлемелерін, жұмыс бағдарламаларын және оқу-әдістемелік жұмысының басқа да түрлерін дайындауға қатысады. Жеке жоспардың орындалуы туралы есепті дайындайды және ұсынады. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды.</p>
2	Біліктілік талаптары	жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 5 жыл, оның ішінде оқытушы лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі немесе мамандығы (қызмет бейіні) бойынша кемінде 5 жыл практикалық жұмыс өтілі және ғылыми дәрежесінің болуы.
3	Жеке қасиеттері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тіл табысқыштық;</li> <li>- белсенді өмірлік ұстаным;</li> <li>- күйзеліске беріктік;</li> <li>- креативтілік;</li> <li>- ұйымдастырушылық қабілеттері болуы;</li> <li>- ұқыптылық.</li> </ul>
4	Тілдерді білу деңгейі (қандай тілдер екені көрсетілсін)	Орысша (ауызша/жазбаша) – еркін; Қазақша(ауызша/жазбаша) – еркін; Шетелше – құпталады
5	Білуге міндетті	Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» және жоғары білім беру жүйесінің қызметі мен дамуын реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілер; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістері; оқу жоспарларын құру тәртібі; оқу жұмысына арналған құжаттаманы жүргізу ережесі; педагогика, физиология, психология; кәсіптік оқыту әдістемесі; оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи формалары мен әдістері; экономика, еңбек заңнамасы негіздері; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғау ережелері мен ережелері.
6	Компьютерлік сауаттылық	Пайдаланушы деңгейінде MS Office білуі
7	Конкурсқа қатысу үшін келесі негізгі құжаттарды тапсыру қажет:	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) конкурсқа қатысу үшін өтініш;</li> <li>2) конкурсқа қатысушының жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;</li> <li>3) конкурсқа қатысушының 3x4 түрлі түсті сүреті бар қызметтік тізбесі;</li> <li>4) білім туралы құжат көшірмесімен бірге, салыстыру үшін түпнұсқасы беріледі;</li> <li>5) жұмыс орны бойынша (қазыргі немесе бұрынғы) кадр қызметімен куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;</li> <li>6) профессор-оқытушы құрамының бос лауазымдарына орналасу үшін білім беру бағдарламасы бойынша жобаның немесе ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасу үшін ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жобаның презентациясы (электрондық түрде, көлемі 7 слайдтан артық емес) және ПОҚ үшін электрондық тасымалдағышта сақталған үміткермен өткізілген онлайн сабақ;</li> <li>7) ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (болған</li> </ol>

		<p>жағдайда);</p> <p>8) № 075/у нысанындағы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылы 4 қарашада № 21579 тіркелген);</p> <p>9) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауы туралымәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама.</p> <p>Осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбау өтінішті қабылдаудан ерікті нысанда бас тартуға негіз болып табылады.</p> <p>Конкурсқа қатысушы біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдар), сондай-ақ жұмыс тәжірибесін және біліктілігін растайтын құжаттар бере алады.</p>
8	Құжаттарды қабылдау мерзімі	17:00 сағат 27.08.2022 жыл.
9	Құжаттар мына мекен-жайда қабылданады	120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29А, бас әкімшілік ғимарат, HR қызметі, 205 каб.; e-mail: otdelkadrov_kgu@mail.ru.